ПМПК қызметі ерікті және тегін болғандықтан баланың ата-анасы өту немесе өтпеуді ерікті түрде шешім қабылдайды. ПМПК комиссиясының құрамына: педагог-психолог, дефектолог маман, логопед, психиатр-дәрігер кіреді. Егер балада есту немесе көру қабілетімен мәселелер болған жағдайда комиссия құрамына тифло-сурдопедагог, офтальмолог-дәрігер, отоларинголог негізіледі, бірақ көп жағдайларда ПМПК құрамында тарпрофильді мамандар болмағандықтан, бұл мамандардың алдын-ала қарау нәтижесінде берген қорытындылары ПМПК комиссиясына қосымша ұсынылуы мүмкін. Баланың жасы, оның жеке ерекшеліктеріне байланысты комиссиядан өту ұзақтығы әртүрлі болуы мүмкін (30 минуттан-1,5 сағатқа дейін) [9]. Комиссия тексерісінің нәтижесінде қорытынды шығарады, ол қорытындыға сәйкес баланың физикалық немесе психикалық дамуындағы ерекшеліктердің бар не жоғы негізделеді, егер бар болған жағдайда баланың білім алуына қажетті арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі көзделеді. Қорытынды мынадай ұсыныстарды қамтуы мүмкін: баланы оқыту бағдарламасының түрі, балаға қолайлы ортаны тудыру шарттары, балаға логопед, дефектолог немесе психологпен қосымша оқу немесе қосымша даярлықтың қажеттілігі бар я жоқтығы, баланы бақылайтын мамандар тізбесі.

ПМПК қорытындысы тек ұсынымдық сипатқа ие, онымен келіспеген ата-ананың оған шағым жасауға құқығы бар. ПМПК-да тексерістен өту балаға мүгедектік тағайындау кезінде де қажет болуы мүмкін, бұл жағдайда баланы ПМПК-ға МӘС бөлімі жолдайды.

«Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенцияның 24-бабы 2-тармағында мүмкіндігі шектеулі балалардың тегін, сапалы және міндетті жалпы білім беру жүйесінде білім алулары үшін мүше-мемлекеттердің олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып «ақылға қонымды құралдармен» қамтамасыз етілуі керектігін [3] міндеттейді. Конвенцияда ақылға қонымды құралдарға «мүмкіндігі шектеулі адамдардың басқа адамдармен теңдей адамға тән барлық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруларын қамтамасыз етуге бағытталған қажетті жағдайлар» деген анықтама берілген.

Мүше-мемлекеттер мүмкіндігі шектеулі адамдарды білім алу үрдісіне және жергілікті қоғамның мүшесі ретінде толық және тең қатысуларын жеңілдету ету мақсатында мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірлік және әлеуметтік даму дағдыларын игеруге мүмкіндіктер тудырады. Осы мақсатта мүше-мемлекеттер :

а) Брайль әліппесін, баламалы қаріптерді меңгеруге, оларды бағдарлау мен ұтқырлық дағдыларын қалыптастыру

б) ымдау тілін меңгеруге және саңырау адамдардың тілдік тұлғасын насихаттау ;

с) адамдарды, соның ішінде зағип, керең, мылқау балаларды оқыту ең қолайлы тілдер мен әдістер, коммуникация құралдарын қолдану арқылы және білім мен әлеуметтік дамуға барынша қолайлы ортада жүзеге асырумен қатар қажетті өзге де шараларды қамтамасыз етулері қажет.

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық Жоспарда» келтірілген мәліметтерге сүйенсек зағип балалар үшін 2017 жылдан бастап Брайль жүйесі бойынша және ірілендірілген қаріппен, сондай-ақ зияткерлік бұзушылықтары бар балаларға арналған оқулықтарды әзірлеу басталды, бұл салаға жыл сайын 140 млн теңгеден астам қаражат бөлінеді. 0-1, 5 және 7-сыныптарға арналған оқулықтар әзірленді, ал 2020 жылға дейін 11-сыныпты қоса алғанда, барлық оқулықтарды әзірлеу жоспарланған [10].

Әдебиеттер тізімі

1. Саламанкская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями.

https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/pdf/salamanka.pdf (өтініш берген күні: 06.03.2025)

2. Конвенция о правах ребенка. Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи от 20 ноября 1989 года.

https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml (өтініш берген күні: 06.03.2025)

3. Конвенция ООН «О правах инвалидов», принятая резолюцией 61\106 Генеральной Ассамблеи от 13.12.2006г.

https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (өтініш берген күні: 06.03.2025)

4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны 200 мыңнан асады. <https://baq.kz/erekshe-bilim-beru-qazhettiligi-bar-balalar-sany-200-mynnan-asady-321225/> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
6. Аутизм. Всемирная Организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorders> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
7. Аутизм выявили у 15 тыс. детей в Казахстане. <https://24.kz/ru/news/zdravookhranenie/645259-autizm-vyyavili-u-15-tys-detej-v-kazakhstane> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
8. Инклюзия детей с аутизмом и другими особенностями развития в школы Казахстана <https://bolashakcharity.kz/projects/kazhdyj-rebenok-dostoin-shkoly> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
9. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
10. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326> (өтініш берген күні: 06.03.2025)

References

1. Salamanskaya deklaraciya i ramki dejstvij po obrazovaniju lic s osobymi potrebnostyami. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/pdf/salamanka.pdf (өтініш берген күні: 06.03.2025)
2. Konvenciya o pravah rebenka Prinyata rezolyuciej 44/25 General'noj Assamblei ot 20 noyabrya 1989 goda. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml (өтініш берген күні: 06.03.2025)
3. Konvenciya OON «O pravah invalidov» Prinyataya rezolyuciej 61\\106 General'noj Assamblei ot 13.12.2006g. Rezhim dostupa: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (өтініш берген күні: 06.03.2025)
4. «Bilim turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 zany <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (өтініш берген күні: 06.03.2025)
5. Erekshe bilim beru kazhettiligi bar balalar sany 200 mynnan asady. <https://baq.kz/erekshe-bilim-beru-qazhettiligi-bar-balalar-sany-200-mynnan-asady-321225/> (өтініш берген күні: 06.03.2025)

6. Autizm. Vsemirnaya Organizaciya zdravoohraniya.
<https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorders>
(өтиніш берген кyні: 06.03.2025)
7. Autizm vyvavili u 15 tys. detej v Kazahstane.
<https://24.kz/ru/news/zdravookhranenie/645259-autizm-vyvavili-u-15-tys-detej-v-kazahstane> (өтиніш берген кyні: 06.03.2025)
8. Inklyuziya detej s autizmom i drugimi osobennostyami razvitiya v shkoly Kazahstana
<https://bolashakcharity.kz/projects/kazhdyj-rebenok-dostoin-shkoly>
(өтиніш берген кyні: 06.03.2025)
9. «Kemtar balalardy aleumettik zhane medicinalyk –pedagogikalyk tuzeu arkyly koldau turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2002 zhylgy 11 shildedegi №343 zany
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
10. Kazakstan Respublikasynda muggedektigi bar adamdardyn kuckyktaryn kamtamasyz etu zhane turmys sapasyn zhaksartu zhonindegi 2025 zhylga dejingi ulttyk zhospardy bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2019 zhylgy 28 mamyrday №326 kaulysy
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326> (өтиніш берген кyні: 06.03.2025)

Түсті: 27.06.2025 Мақұлданды: 29.06.2025 Онлайн қолжетімді: 30.06.2025

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-14-2-43-52>

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарына жеке шағым жолдау туралы: рұқсаттылық талаптары

Арлан Алмасұлы

Заң ғылымдарының магистрі,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының ғылыми қызметкері

Астана, Қазақстан.

e-mail: almassuly.arlan@gmail.com

ORCID: 0000-0002-0230-2657

Аңдатпа: Мақалада БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарына жолданатын жеке хабарламаларға қойылатын рұқсаттылық талаптары жүйеленіп талданады. Қазақстан Республикасы азаматтары тарапынан жолданған шағымдардың елеулі бөлігі қабылдауға жатпайды деп танылғаны атап көрсетіліп, бұл құбылыстың негізгі себептері ретінде рәсімдік және құқықтық талаптардың сақталмауы алға тартылады. Автор халықаралық құқық нормалары мен шарттық органдардың практикалық шешімдеріне сүйене отырып, рұқсаттылық талаптарының мазмұнын нақтылайды (*ratione temporis*, *ratione materiae*, *ratione personae* және т.б.). Сонымен қатар мақаланың мақсаты – мемлекеттік тілде сапалы құқықтық-ақпараттық материал ұсынып, авторлардың жиі жіберетін қателіктерін алдын ала түсіндіру арқылы, хабарламалардың іс мәні бойынша қаралу мүмкіндігін арттыруға ықпал ету.

Түйін сөздер: адам құқықтары, халықаралық құқық, шарттық органдар, халықаралық ұйым, жеке шағым.

Submission of Individual Complaints to the UN Human Rights Treaty Bodies: Admissibility Requirements

Almassuly Arlan

Master of Laws,

Researcher at the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

e-mail: almassuly.arlan@gmail.com

ORCID: 0000-0002-0230-2657

Abstract: This article provides a systematic analysis of the admissibility requirements for individual communications submitted to the UN human rights treaty bodies. It highlights that a significant portion of complaints submitted by citizens of

the Republic of Kazakhstan have been declared inadmissible, primarily due to the failure to meet procedural and legal requirements. Drawing on international legal norms and the jurisprudence of the treaty bodies, the author clarifies the content of admissibility criteria (*ratione temporis*, *ratione materiae*, *ratione personae*, etc.). The aim of the article is to provide high-quality legal and informational material in the state language in order to explain common mistakes made by authors of complaints, thereby increasing the likelihood of their consideration on the merits.

Keywords: human rights, international law, treaty bodies, international organization, individual complaint.

Подача индивидуальной жалобы в договорные органы ООН по правам человека: условия приемлемости

Алмасулы Арлан

Магистр юридических наук,

Научный сотрудник Института законодательства и правовой информации
Республики Казахстан

Астана, Казахстан

e-mail: almassuly.arlan@gmail.com

ORCID: 0000-0002-0230-2657

Аннотация: В статье системно анализируются условия приемлемости индивидуальных сообщений, направляемых в договорные органы ООН по правам человека. Отмечается, что значительная часть жалоб, поданных гражданами Республики Казахстан, была признана недопустимой, в первую очередь из-за несоблюдения процессуальных и правовых требований. Автор, опираясь на нормы международного права и практику договорных органов, подробно раскрывает содержание условий приемлемости (*ratione temporis*, *ratione materiae*, *ratione personae* и др.). Целью статьи является предоставление качественного правового и информационного материала на государственном языке с тем, чтобы объяснить часто допускаемые авторами ошибки и тем самым повысить вероятность рассмотрения жалоб по существу.

Ключевые слова: права человека, международное право, договорные органы, международная организация, индивидуальная жалоба.

Кіріспе

2025 жылғы деректерге сәйкес, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарына Қазақстан Республикасына қарсы барлығы 84 жеке хабарлама (шағым) жолданған. Олардың 64-іне қатысты іс мәні бойынша шешімдер қабылданды. Екі шағым бойынша (А. Андросов пен Н.З. хабарламалары бойынша) шарттық органдар мемлекет тарапынан адам құқықтары бұзылмаған деген қорытындыға келді. Ал басқа 62 шағымға қатысты, керісінше, Қазақстан

өзіне алған халықаралық шарттық міндеттемелерді орындамау себебінен хабарлама авторларының құқықтарын бұзды деп танылды.

Өзге хабарламаларға келсек, тоғыз жағдайда шарттық органдар оларды қарауды тоқтату туралы шешім қабылдаған, негізінен авторлармен байланыс орнату мүмкін болмағандықтан. «Т. Абдусаматов және тағы 28 өтініш беруші» шағымын бөлек атап кеткен жөн, себебі оған қатысты Адам құқықтары жөніндегі комитет екі дербес шешім қабылдады: бірі – хабардың қабылдауға жататыны туралы, екіншісі – іс мәні бойынша.

Қалған он бір жеке хабарламаны шарттық органдар қабылдауға жатпайды деп тауып, тиісті шешімдер шығарды. Нәтижесінде, қабылдауға жарамсыз деп танылған хабарламалар жалпы тіркелген шағымдардың шамамен 13 %-ын құрауда – бұл санды елеусіз деп айту қиын. Одан бөлек, атап кету қажет, бұл көрсеткіш тек ресми түрде тіркелген шағымдарға негізделген: бірқатар хабарламалар бастапқы формалдық талаптарға сай болмағандықтан, алғашқы іріктеуден өтпей, ресми деректерге енбей қалғаны ықтимал. Демек, қабылдауға алынбаған шағымдардың нақты үлесі бұдан да жоғары болуы мүмкін.

Мұндай қалыптасып жатқан жағдай еш күмәнсіз адам құқықтарының сақталуына деген өзінің белгілі әсерін тигізіп отырғаны анық, себебі тиісті рәсімдік және рұқсаттылық талаптар толық сақталмағандықтан, бірқатар хабарламалар негізгі мәні бойынша қаралмауда; ал олардың көбінде шынайы құқықбұзушылық фактілері орын алуы әбден мүмкін, бірақ бұл жайттар назардан тыс қалуда.

Мәселені болса ғылыми немесе заңи деңгейде шешу *prima facie* күрделі болып көрінеді, өйткені шарттық орган жеке хабарламаны қабылдамау туралы шешім шығарған жағдайда негізгі жауапкершілік, әдетте, хабарлама авторы мен оның өкіліне жүктеледі, демек, мәселені шешудің алғашқы тетігі де дәл солардың қолында.

Алайда сұрақты тереңірек зерделесек, аталғандай мұндай шешімдердің басым бөлігі, ең алдымен, авторлар мен олардың өкілдерінің рәсімдік және рұқсаттылық талаптарды сақтамауынан туындайды; бұл болса олардың құқықтық білімінің жеткіліксіздігінен болуы мүмкін. Мұндай жағдай, өз кезегінде, әдетте, қоғамда құқықтық ақпараттың толыққанды деңгейде таралмауымен, әсіресе мемлекеттік тілде сапалы материалдардың тапшылығымен байланысты. Демек, жұртшылықты тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету мәселені, ең болмағанда жанама түрде, шешуге ықпал ете алады; сондықтан бұл проблеманы ғылыми әрі заңи тұрғыдан қарастырудың да белгілі мағынасы бар.

Шарттық органдар да бұл пікірді мойындауда; өздерінің жалпы ескертулерінде халықты олардың мандаты мен рәсімдері туралы кеңінен хабардар ету қажеттігін жүйелі түрде атап көрсетіп, ондай істің маңызы зор екенін атауда — әсіресе балалар, мигранттар және өзге де осал топтар контекстінде (өйткені оларға, әрине, ерекше тәсіл қажет). Мәселен, Балалар құқықтары комитетінің «Конвенцияны жүзеге асыруға арналған жалпы шаралар»

жөніндегі №5 Жалпы ескертуінің 67-тармағында: «Мемлекеттер Конвенция туралы білімді қоғамның барлық мүшелері арасында кеңінен таратуға арналған жан-жақты стратегия әзірлеуі тиіс» деп нақты көрсетілген.

Қазіргі кезде, шынында да, шарттық органдарға қатысты арнайы құқықтық-ақпараттық материалдар, әсіресе мемлекеттік (қазақ) тілінде, өте аз. Соның салдарынан хабарлама авторлары шағым беру тәртібі, рәсімдік және рұқсаттылық талаптар жөнінде толыққанды ақпарат ала алмауы мүмкін; бұл өз кезегінде олардың хабарламасының қабылдауға жарамсыз деп танылу ықтималдығын айтарлықтай арттырады.

Бұл ғылыми мақала БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарына жолданатын жеке хабарламалардың іс мәні бойынша қаралу сатысына өтуіне ықпалын тигізуді көздеп, сол үшін ең болмағанда алдын ала сақталуы тиіс рұқсаттылық талаптарын жүйелеп мемлекеттік тілде ұсынуды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарының ресми құжаттары, соның ішінде шарттар мен оларға қосымша факультативтік хаттамалар, шарттық органдардың регламенттері, жалпы ескертулер, шешімдер, сондай-ақ БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары басқармасының ресми веб-сайтында жарияланған нұсқаулықтар пайдаланылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының осы саладағы халықаралық міндеттемелеріне және ұлттық сот жүйесіне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасындағы деректер де назарға алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Қолжетімді шарттық органдар

Теориялық тұрғыдан алғанда, БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі он шарттық органының тоғызы белгілі бір жағдайларда жеке хабарламаларды қабылдап, қарауға құзыретті. Алайда іс жүзінде бұл өкілеттікті қазіргі таңда сегіз ғана орган жүзеге асырып отыр [1].

Еңбекші-мигранттар құқықтары жөніндегі комитетте (ЕМҚК) жеке хабарламаларды қарау құзыреті көзделгенімен, аталған тетік Еңбекші-мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияның 77-бабына қатысты кемінде он Мемлекет тарап тиісті мәлімдеме жасағаннан кейін ғана күшіне енеді; бүгінгі күні мұндай мәлімдемені бар-жоғы төрт мемлекет қана ұсынған.

Ал Азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитетінің (АҚКК) жеке хабарламаларды қарау құзыреті мүлде жоқ. Осыған байланысты қазіргі таңда кез келген адам БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі бар-жоғы сегіз шарттық органның біріне ғана жеке хабарлама жолдай алады:

1) Адам құқықтары жөніндегі комитет (АҚК);

- 2) Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (ӘҚКЖК);
- 3) Азаптауға қарсы комитет (АҚК);
- 4) Нәсілдік кемсітушілікті жою комитеті (НКЖК);
- 5) Мүгедектер құқықтары комитеті (МҚК);
- 6) Мәжбүрлі жоғалып кетулерге қарсы комитет (МЖКҚК);
- 7) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар комитеті (ЭӘМҚК);
- 8) Бала құқықтары комитеті (БҚК).

Мұнда бір маңызды жайтты атап өткен жөн: жоғарыда аталған шарттық органдардың жеке хабарламаларды қарау құзыреті болғанымен, белгілі бір мемлекеттің юрисдикциясындағы тұлғалар бұл тетікті автоматты түрде пайдалана алмайды. Тұлға ұйымға жүгінуі үшін, өзі қай мемлекеттің юрисдикциясында болса, сол мемлекет тиісті шарттық органның құзыретін ресми түрде мойындауы қажет; бұл талап халықаралық шарттардың өзінде арнайы нормалармен белгіленген. Мысал ретінде Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияға қосымша Факультативтік хаттаманың 1-бабының 1-тармағын айтылған: «Осы Хаттамаға қатысушы мемлекет Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитеттің хабарламаларды қабылдап, қарау құзыретін мойындайды». Ал дәл осы баптың 2-тармағында «Комитет хабарламаны қабылдамайды, егер ол Конвенцияға қатысушы, бірақ осы Хаттамаға қатыспаған мемлекетке қатысты болса» деп айқындалған. Демек, Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитеттің құзыретін мойындамаған кез келген мемлекетке қатысты түскен хабарламалар (атап айтқанда, сол мемлекеттің азаматтары жолдаған шағымдар) қарауға қабылданбайды.

Осыған орай, Қазақстанның жағдайына келсек, соңғы деректер бойынша мемлекет келесі шарттық органдардың жеке хабарламаларды қарау құзыретін (факультативтік хаттамаларды ратификациялау немесе арнайы декларациялар жасау арқылы) мойындады:

- 1) Адам құқықтары жөніндегі комитет (АҚЖК);
- 2) Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (ӘҚКЖК);
- 3) Азаптауға қарсы комитет (АҚК);
- 4) Нәсілдік кемсітушілікті жою комитеті (НКЖК);
- 5) Мүгедектер құқықтары комитеті (МҚК);
- 6) Бала құқықтары комитеті (БҚК).

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы юрисдикциясындағы тұлғалар жеке хабарламаны тек жоғарыда аталған алты органның біріне ғана жолдай алады. Ал, мысалы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар комитеті (ЭӘМҚК), Мәжбүрлі жоғалып кетулерге қарсы комитет (МЖКҚК) және Еңбекші-мигранттар құқықтары жөніндегі комитет (ЕМҚК) қазіргі таңда қолжетімсіз болып саналады.

Жеке хабарламаға қойылатын рұқсаттылық талаптары

Мемлекеттің юрисдикциясындағы тұлға қай шарттық органдар қолжетімді екені айқындағаннан кейін, келесі өзінің хабарламасын нақты қай органға жолдай алатынын анықтау қажет. Бұл кез енде басты назар рұқсаттылық

талаптарына аударылуға тиіс, өйткені дәл осы талаптар нақты құқықтық шеңберді белгілейді.

Ration temporis.

Ratione temporis талабы бойынша, жеке хабарламада баяндалған құқық бұзушылық мемлекет шарттық органның құзыретін ресми таныған күннен кейін орын алуы тиіс; өзге жағдайда шағым қарауға қабылданбайды [2].

Мысалы, Балалар құқықтары туралы конвенцияға жеке хабарламалар рәсіміне қатысты Факультативтік хаттаманың 20-бабының 2-тармағында («Күшіне енгеннен кейінгі бұзушылықтар») былай делінген: «... Хаттама мемлекет үшін күшіне енгеннен кейін Конвенцияда немесе оның алғашқы екі Факультативтік хаттамасында көзделген құқықтардың бұзылу орын алған жағдайларына ғана таралады». Ұқсас ережелер басқа да тиісті халықаралық шарттарда көзделген.

Осы құқықтық негізге сүйенсек, Қазақстанда тұратын кез келген адам қолжетімді алты шарттық органның біріне жеке хабарлама жолдай алады, бірақ шағымға негіз болған құқық бұзушылық Қазақстан сол органның құзыретін ресми таныған күннен кейін орын алуы тиіс (нақтырақ факультативтік хаттама күшіне енген немесе арнайы мәлімдеме күшіне енген сәттен кейін). Егер бұзушылық бұған дейін орын алса, орган хабарламаны мәні бойынша қарамай, оны қабылдауға жарамсыз деп тануы ықтимал.

Мысалы, Алмас Кушербаев ісін еске түсірсек болады. Өз жеке хабарламасында автор мемлекет үшін Факультативтік хаттама 2009 жылғы 30 қыркүйекте күшіне енгенге дейін орын алған оқиғаларға сілтеме жасаған; сол себепті Адам құқықтары жөніндегі комитет шағымды *ratione temporis* талабына сәйкес қабылдауға жарамсыз деп тануға мәжбүр болды.

Алайда, егер құқық бұзушылық факультативтік хаттама (немесе мәлімдеме) күшіне енгенге дейін дейін басталып, кейін де жалғаса берсе (мысалы, ұзақ мерзімді қамау немесе із-түзсіз жоғалту), ол созылмалы сипатта деп есептеліп, *ratione temporis* талабы оған қатысты қолданылмауы мүмкін. Мұндай жағдайды дәлелдеу автордың міндеті болса, мемлекет тарап бұзушылықтың жалғаспағанын көрсетуді өз мойнына алуы тиіс. Осы тұрғыда, мысалы, Адам құқықтары жөніндегі комитеттің жалпы ескертуіндегі 9-тармақта былай делінген: «Факультативтік хаттама осы мемлекет үшін күшіне енгенге дейінгі кезеңге қатысты болып көрінетін хабарламаға жауап берген кезде (*ratione temporis* қағидасы), мемлекет тарап бұл жайтқа нақты сілтеме жасап, өткендегі құқықбұзушылықтың мүмкін үздіксіз салдарына қатысты кез келген түсіндірмені де қамтуы тиіс».

Ration materia.

Ratione materiae талабына сәйкес, шағымда баяндалған бұзушылық сол шарттық орган қарастыратын халықаралық шартта нақты көзделген құқықтардың шеңберінде болуы тиіс [3].

Мысалы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қосымша Факультативтік хаттаманың 2-бабында: «Пактте

көзделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың кез келгенін осы мемлекет тарап бұзды деп есептейтін, оның юрисдикциясындағы жеке тұлғалар немесе тұлғалар тобы не олардың атынан өкілдері Комитетке хабарлама жолдай алады ...» деп көрсетілген. Ұқсас ережелер басқа да тиісті халықаралық шарттарда көзделген.

Осы құқықтық негізге сүйене отырып, автор шағымда бұзылған құқыққа сәйкес тиісті шарттық органды дұрыс таңдауға тиіс: мысалы, азаптауға қатысты шағым — Азаптауға қарсы комитетке (АҚК) жолданады. Егер шағымда көрсетілген құқық тиісті шартта көзделмесе, мұндай хабарлама қабылдауға жарамсыз деп танылады.

Кейбір құқықтар бірнеше шартта параллель қорғалуы мүмкін. Мысалы, азаптауға тыйым — Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 7-бабында және Азаптауға қарсы конвенцияда да көзделген [14; 15]. Сол себепті автор, бір жағынан, таңдау жасай алады, бірақ параллель қарауға тыйым қағидасына сәйкес бір құқық бұзушылық бойынша шағымды екі органға қатар жолдай алмайды.

Ratione personae.

Ratione personae талабы шарттық органның жеке хабарламаны қарауын оның субъектілік құрамына байланысты шектейді: шағымды тек құқық бұзушылықтың тікелей жәбірленушісі ұсына алады; ал жалпы «қоғам мүддесі» (*actio popularis*) негізіндегі өтініштер қабылданбайды.

Белгілі жағдайларда шағымды сенім білдірілген адвокат немесе туыс ұсына алады: егер жәбірленуші қайтыс болса немесе бостандығынан айырылса, оның жақын туыстары не заңды өкілдері өтінішті атынан жолдай алады, бірақ бұл үшін өкілеттік құжаттары немесе нақты туыстық байланысы дәлелденуі тиіс. Сондай-ақ бір бұзушылық бірнеше адамға әсер еткен жағдайда, барлық жәбірленушілердің аты-жөні, байланыс деректері және қолы көрсетілген ұжымдық хабарлама мүмкін; әйтсе де «белгісіз топтың» атынан берілген өтініштер қабылданбайды.

Мысал ретінде осыған дейін мысал ретінде келтірілген Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қосымша Факультативтік хаттаманың 2-бабының екінші жартысында мынадай түсіндірме берілген: «Егер хабарлама жеке тұлғалар немесе тұлғалар тобының атынан ұсынылса, бұл олардың келісімімен жасалуы тиіс, тек автор олардың атынан ондай келісімсіз әрекет етуге негіз бар екенін дәлелдей алатын жағдайлардан басқа».

Ішкі құқықтық қорғау құралдарын толық тауысып шығу талабы (*exhaustion of domestic remedies*).

Бұл талапқа сәйкес, шарттық органға жүгінбес бұрын, автор мемлекеттің барлық қолжетімді, тиімді әрі жеткілікті ішкі құқықтық қорғау құралдарын толық пайдаланып шығуға міндетті. Сондықтан алдымен ұлттық деңгейдегі әдеттегі сатылардан өтуі қажет. Қазақстанда бұл тәртіп:

- 1) Аудандық/қалалық сот;

2) Облыстық сот (апелляция);

3) Жоғарғы Сот (кассация); және, 2023 жылдан бастап, қажет болған жағдайда - Конституциялық Сотқа жүгіну қажет.

Осы сатыларды өтпей тұрып БҰҰ автор органына жүгінсе, хабарлама қабылдауға жарамсыз деп танылуы ықтимал.

Айта кету керек, егер ұлттық орган істі шамадан тыс созып жіберсе (ұзақ тергеу немесе сот талқылауы) не тиімді нәтиже бере алмайтыны алдын-ала айқын болса, мұндай қорғану құралдары «тиімсіз» немесе «иллюзорлы» деп саналып, автор оларды қолдануға міндетті емес болып танылады. Алайда мұндай жағдайды автор нақты дәлелдермен негіздеуі тиіс.

Параллельді қарауға тыйым салу (*non-duplication / res judicata*).

Жеке хабарлама шарттық органға тапсырылған сәтте, сол немесе ұқсас мән-жайлар бойынша басқа халықаралық немесе аймақтық механизмде (мысалы, Еуропалық Адам құқықтары сотында (ЕАҚС), Африка адам құқықтары және халықтар құқықтары комиссиясында, Америкааралық адам құқықтары сотында) іс қаралып жатпауға тиіс әрі бұған дейін түпкілікті шешім шығарылмауы керек. Бұл талап, бір жағынан, «екі рет қарамау» (*res judicata*) қағидасын, екінші жағынан, халықаралық сот пен шарттық орган юрисдикцияларының параллельдігін болдырмауды көздейді.

Егер екі органға жолданған арыздардың құқықтық негізі мен фактілік мән-жайлары толық бірдей болмаса (мысалы, ЕАҚК-та 6-бап «әділ сот талқылауы», АСКП 7-бап «азаптауға тыйым»), кей жағдайларда қатар қарауға тыйым қолданылмайды. Одан бөлек, ЕАҚС-тың алдын-ала қабылдамай тастау туралы қаулысы (*manifestly ill-founded*) түпкілікті шешім болып есептелмейді; ондай жағдайда шарттық орган шағымды қабылдауы мүмкін, өйткені шағым іс мәні бойынша қаралмаған.

Зиянды пайдаланбау және хабарды уақтылы беру (*non-abuse / reasonable time*).

Шарттық органдарға жүгіну құқығы адал ниетпен жүзеге асырылуға тиіс; өтініш беруші бұл тетікті ар-ұждансыз, саяси немесе өзге бөтен мақсатпен қолданбауы керек. Бұған қоса, жеке хабарлама бұзушылық орын алғаннан немесе ішкі құқықтық қорғау құралдары сарқылғаннан кейін ақылға қонымды мерзім ішінде тапсырылуы қажет.

Кешігуге ақтайтын себептер (ұзақ ауыр ауру, құжаттарға қолжетімсіздік, елден мәжбүрлі шығу) дәлелденсе, Комитет мерзімдік талапты икемді қолданады. Ал созылмалы бұзушылықтарда (ұзақ мерзімді қамау) уақыт өлшемі әлсірейді; бірақ сонда да жәбірленуші бостандығын алған соң қысқа мерзімде шағымдануы тиіс.

Рәсімдік талаптар.

Рұқсаттылық шарттарынан бөлек, автор жеке хабарламасының қабылданбай қалмауы үшін бірқатар рәсімдік талаптарды да сақтауға тиіс. Мысалы,

- Хабарлама БҰҰ-ның кез келген ресми тілінде жолдануы керек (юанс: тәжірибеде ағылшын тіліндегі шағымдар жылдам қарастырылатыны байқалады);
- Шарттық органдар тек жазбаша түрде ұсынылған өтініштерді қабылдайды (электрондық пошта арқылы жіберу рұқсат етіледі, алайда қол қойылған скан нұсқасы қоса жолдануы керек);
- БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы сайтында жарияланған стандартты бланкті пайдалану ұсынылады (онда міндетті деректер мен құрылым айқын көрсетілген);
- Анонимді өтініштер қабылданбайды (бірақ шартты органдар түпкілікті шешімде өтініш берушінің жеке деректерін жасырын ұстай алады);
- Мәтін қысқа әрі нақты болғаны жөн (тым көлемді қосымшалар (дәлелдемелер) нөмірленіп, жүйеленуі керек).

Негізінде, әрбір шарттық органның рәсімдік ерекшеліктері бар, сол себепті ең өзекті ақпаратты олардың регламентінің соңғы редакцияларынан және Жоғарғы комиссары басқармасы сайтында жарияланған ресми нұсқаулықтарынан қараған дұрыс, өйткені одан бөлек рәсім үнемі жетілдіріліп жатқандықтан, жаңартылған талаптар көптен шығуы мүмкін.

Қорытынды

Осылайша, мақалада БҰҰ Шарттық органдарына жолданатын жеке хабарламалардың рұқсаттылық талаптарына қатысты негізгі ақпарат жүйеленіп ұсынылды. Бұл, өз кезегінде, болашақта рәсімдік не рұқсаттылық қателіктердің алдын алу үшін көмектеседі деген үміттеміз.

Одан бөлек жалпы зерттеу құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған, әсіресе жеке хабарлама рәсімінің құқықтық тетіктері туралы ақпаратты. Аталған мәліметтерге қатысты мемлекеттік тілде ақпарат аз екенін ескере бұл жұмыс ерекше өзектілікке ие..

Әдебиеттер тізімі

1. Автономов А.С. БҰҰ жүйесіндегі шарттық органдардың жеке хабарламаларды қарауы // Халықаралық әділет. – 2013. – № 3 (7). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rassmotrenie-individualnyh-soobscheniy-dogovornymi-organami-v-sisteme-organizatsii-obedinyonnyh-natsiy> (өтініш берген күні: 10.07.2025).
2. Complaints Procedures. UN Human Rights Treaty Bodies // OHCHR. – URL: <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/human-rights-bodies-complaints-procedures> (өтініш берген күні: 14.07.2025).
3. Reporting Violations of Human Rights // OHCHR. – URL: https://www.ohchr.org/ru/reporting_violations (өтініш берген күні: 16.07.2025).

References

1. Avtonomov A.S. BŪŪ júiesindeгі sharttyq organdardyn zheke habarlamalardy qarawy // Halyqaralyq ádílet. – 2013. – № 3 (7). – URL:

<https://cyberleninka.ru/article/n/rassmotrenie-individualnyh-soobscheniy-dogovornymi-organami-v-sisteme-organizatsii-obedinyonnyh-natsiy> (өтініш берген күйі:10.07.2025).

2. Complaints Procedures. UN Human Rights Treaty Bodies // OHCHR. – URL: <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/human-rights-bodies-complaints-procedures> (өтініш берген күйі: 14.07.2025).

3. Reporting Violations of Human Rights // OHCHR. – URL: https://www.ohchr.org/ru/reporting_violations (өтініш берген күйі:16.07.2025).

Поступила: 19.05.2025. Одобрена: 13.06.2025. Доступна онлайн: 30.06.2025

MPНТИ 10.87.27

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-14-2-53-62>

Дипломатическая защита российских граждан за рубежом в современном международном праве

Подобаев Владислав Юрьевич

Аспирант Российской Академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации, Институт права и национальной безопасности, кафедра международного и интеграционного права

Москва, Российская Федерация

e-mail: podobaev97@mail.ru

ORCID: 0009-0008-8373-0098

Аннотация: Настоящее исследование посвящено вопросам дипломатической защиты российских граждан за рубежом, чьи права были нарушены. Физические лица, находящиеся на территории иностранного государства часто подвергаются неправомерным действиям со стороны отдельных лиц или властей государства пребывания и не всегда в таких ситуациях меры правовой защиты, предусмотренные законодательством государства пребывания, носят исчерпывающий характер для достижения полной защиты и восстановления нарушенных прав. В случаях, когда нарушение прав и интересов соотечественников выходит за рамки национального законодательства и влечет за собой нарушение норм международного права, государства сохраняют за собой право прибегнуть к механизмам дипломатической защиты.

Научная значимость исследования состоит в проведении анализа использования механизма дипломатической защиты прав российских граждан с учетом современной международной обстановки.

Кроме того, защита прав соотечественников, является одним из приоритетов государственной политики РФ, соответственно в работе будет проанализирована деятельность органов государственной власти РФ по восстановлению нарушенных прав и защите прав соотечественников.

Основные выводы и ценностью данной работы является рассмотрение и выведение новых способов защиты прав граждан за рубежом в условиях международной напряженности. Были найдены новые подходы в защите граждан за рубежом с привлечением первых лиц государства.

Ключевые слова: международное право, дипломатическая защита, исчерпание внутренних средств правовой защиты, геополитика, международные отношения, органы внешних сношений, международное правосудие, международно-правовые обязательства.

Қазіргі халықаралық құқық бойынша шетелдегі Ресей азаматтарын дипломатиялық қорғау

Подобаев Владислав Юрьевич

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының аспиранты, Құқық және ұлттық қауіпсіздік институты, Халықаралық және интеграциялық құқық кафедрасы Мәскеу, Ресей Федерациясы

e-mail: podobaev97@mail.ru

ORCID: 0009-0008-8373-0098

Аңдатпа: Бұл зерттеу шетелде құқықтары бұзылған Ресей азаматтарын дипломатиялық қорғау мәселелеріне арналған. Шетел мемлекетінің аумағында жүрген жеке тұлғалар жиі сол елдің азаматтары немесе билік органдары тарапынан заңсыз әрекеттерге ұшырайды. Мұндай жағдайларда, қабылдаушы мемлекеттің заңнамасында көзделген құқықтық қорғау шаралары бұзылған құқықтарды толық қорғау мен қалпына келтіруге әрдайым жеткілікті бола бермейді. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы ұлттық заңнамадан тыс шығып, халықаралық құқық нормаларының бұзылуына әкеп соққан жағдайда, мемлекеттер дипломатиялық қорғау тетіктеріне жүгіну құқығын өздерінде сақтайды.

Зерттеудің ғылыми маңызы – қазіргі халықаралық ахуалды ескере отырып, Ресей азаматтарының құқықтарын қорғауда дипломатиялық қорғау тетігінің қолданылуын талдауда.

Сонымен қатар, отандастардың құқықтарын қорғау – Ресей Федерациясының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Осыған орай, жұмыста Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және отандастардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметі талданады.

Бұл еңбектің негізгі қорытындылары мен құндылығы – халықаралық шиеленіс жағдайында шетелдегі азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа тәсілдерін қарастыру мен ұсыну. Мемлекет басшыларының қатысуымен шетелдегі азаматтарды қорғаудың жаңа көзқарастары табылды.

Түйін сөздер: халықаралық құқық, дипломатиялық қорғау, ішкі құқықтық қорғау құралдарының таусылуы, геосаясат, халықаралық қатынастар, сыртқы істер органдары, халықаралық әділсот, халықаралық-құқықтық міндеттемелер.

Diplomatic protection of Russian citizens abroad in modern international law

Podobaev Vladislav Y.

Postgraduate student of the Russian Presidential Academy of National Economy and Public Administration, Institute of Law and National Security, Department of International and Integration Law

Moscow, Russian Federation
e-mail: podobaev97@mail.ru
ORCID: 0009-0008-8373-0098

Abstract: This study is devoted to the issues of diplomatic protection of Russian citizens abroad whose rights have been violated. Individuals located in the territory of a foreign state are often subject to unlawful actions by individuals or authorities of the host state and not always in such situations the legal protection measures provided for by the legislation of the host state are exhaustive in order to achieve full protection and restoration of violated rights. In cases where the violation of the rights and interests of compatriots goes beyond the scope of national legislation and entails a violation of international law, states retain the right to resort to diplomatic protection mechanisms.

The scientific significance of the study consists in analyzing the use of the mechanism of diplomatic protection of the rights of Russian citizens, taking into account the current international situation.

In addition, the protection of the rights of compatriots is one of the priorities of the state policy of the Russian Federation, accordingly, the work will analyze the activities of state authorities of the Russian Federation to restore violated rights and protect the rights of compatriots.

The main conclusions and value of this work is the consideration and derivation of new ways to protect the rights of citizens abroad in the context of international tension. New approaches were found in the protection of citizens abroad with the involvement of top officials of the state.

Keywords: international law, diplomatic protection, exhaustion of domestic remedies, geopolitics, international relations, foreign relations bodies, international justice, international legal obligations.

Введение

Дипломатическая защита является одним из наиболее эффективных механизмов обеспечения защиты прав и интересов физических и юридических лиц за рубежом.

Физические лица, находящиеся на территории иностранного государства, часто подвергаются неправомерным действиям со стороны отдельных лиц или властей государства пребывания и не всегда в таких ситуациях меры правовой защиты, предусмотренные законодательством государства пребывания, носят исчерпывающий характер для достижения полной защиты и восстановления нарушенных прав. В случаях, когда нарушение прав и интересов индивидов или компаний выходит за рамки национального законодательства и влечет за собой нарушение норм международного права, государства сохраняют за собой право прибегнуть к механизму дипломатической защиты.

Материалы и методы

Методологическая основа настоящей работы складывается из методов дедукции, индукции, анализа, синтеза, формально-логического, системно-структурного, формально-юридического, сравнительно-правового, историко-правового и иных методов исследования. Материалы исследования включили международно-правовые акты и научную литературу в области дипломатической защиты.

Обсуждение и результаты

Несмотря на большую историю развития института дипломатической защиты, его активное развитие пришлось на XX век, в период развития системы международного права. Институт дипломатической защиты опирается на принципиально важные для международного права конвенции.

В сфере международных отношений и защиты прав граждан за границей ключевую роль играют две основные конвенции. Это Венская конвенция о дипломатических сношениях, принятая в 1961 году, и Венская конвенция о консульских сношениях 1963 года.

Венская конвенция 1961 года устанавливает в статье 3 положение о защите интересов граждан государства гражданства в соответствии с международным правом[3].

Венская конвенция 1963 года также содержит положения, касающиеся свободы сношений. Так, в частности, статья 36 пункты b и c указывают, что консульскому должностному лицу должно быть сообщено о любом задержании гражданина представляемого государства, ожидания в отношении него судебного разбирательства. Также консульское должностное лицо имеет право беспрепятственно посещать задержанного гражданина для беседы с ним, ведения переписки, а также обеспечения мер по юридическому представительству [4].

Данные положения Конвенций лишь подчеркивают, что в государстве пребывания аккредитуемое государство защищает не только собственные интересы, но и интересы граждан в качестве основных задач органов внешних сношений.

К источникам международного права, применимым к институту дипломатической защиты также помимо универсальных международных договоров стоит отнести региональные соглашения по консульским вопросам. Такого рода соглашения как правило затрагивают конкретные вопросы осуществления консульской деятельности в области защиты прав и свобод граждан государства гражданства. Например, таким из региональных соглашений, является Соглашение стран СНГ 1992 года о безвизовом передвижении граждан государств Содружества Независимых Государств по территории его участников.

Двусторонние консульские конвенции также являются важными источниками международного права в вопросе осуществления дипломатической

защиты. Специфика таких соглашений, как правило, содержит одинаковое содержание, где определены функции, полномочия, привилегии и иммунитеты. Следует отметить, что основой для всех двусторонних консульских конвенций является Венская конвенция о консульских сношениях, принятая в 1963 году. Эта конвенция содержит ключевые положения, необходимые для функционирования консульских учреждений, при этом зачастую наблюдается более детальная проработка двусторонних конвенций между государствами с целью обезопасить дипломатических и консульских служащих на территории иностранного государства.

В качестве последнего утвержденного документа в области дипломатической защиты является Проект статей о дипломатической защите Комиссией международного права ООН 2006 года. Документ имеет важное значение для современного международного права, поскольку дает международно-правовое определение двум принципиальным вопросам: вопрос гражданской принадлежности потерпевшего лица и соблюдение принципа исчерпание внутренних ресурсов. Проект статей КМП о дипломатической защите был основан на положениях Проекта статей об ответственности государств за 2001 год [2].

Важное положение документа, которое стоит отметить: основанием для осуществления дипломатической защиты является деяние государства, вследствие которого был нанесен вред иностранному лицу.

Так, например, в отношении лиц без гражданства установлено: «Независимо от положений пункта 1 дипломатическая защита может осуществляться государством в отношении лица, не имеющего его гражданства, в соответствии с проектом статьи». Проект статей о дипломатической защите занимается определением прав и статуса иностранных граждан в контексте национального и международного права. Этот документ подчеркивает взаимосвязь между юридическими нормами на уровне государства и международными правилами, указывая на то, что нарушение прав иностранцев может привести к активации механизмов дипломатической защиты.

Проект состоит из 19 статей, каждая из которых регулирует способы предоставления дипломатической защиты и механизмы обеспечения этой защиты. В основе института дипломатической защиты лежат принципы, обязательные к соблюдению при реализации права государства гражданства на осуществление такого рода защиты. В частности, международная судебная практика XX века заложила основу в вопросе защиты иностранных граждан за рубежом, включая вопросы защиты лиц с двойным и множественным гражданством, защиты лиц без гражданства, а также вопрос осуществления такой правовой защиты[1].

Также важно отметить принципиально значимые статьи 4 и 5 данного документа при рассмотрении дел, где права граждан государства гражданства были нарушены. В частности, статья 4 разъясняет, что государство имеет право на оказание дипломатической защиты своим гражданам, которые могли

приобрести гражданство по праву рождения, через наследование или иным способом[8]. То есть, наличие гражданства или его приобретение относится к вопросам ведения гражданина. Отдельно отмечалась и позиция Постоянной палаты международного правосудия, указывая на то, что вопрос принадлежности гражданства находится в ведении государства [10].

Согласно статье 1 Гаагская конвенция 1930 года: «Каждое государство само определяет в соответствии со своими законами, кто является его гражданином»[5].

Статья 5 Проекта статей КМП подчеркивает факт наличия гражданства у гражданина, чьи права были нарушены, для осуществления дипломатической защиты[8]. Согласно положениям, описанным в статье, для эффективного использования дипломатической защиты необходимо, чтобы физическое лицо было непрерывно гражданином страны на протяжении всего процесса. Это означает, что в момент, когда был нанесен ущерб, и во время подачи жалобы на нарушение прав, статус гражданина этого государства должен быть подтвержден. Однако, если гражданство было получено только с целью претендовать на возмещение ущерба, это не дает основания для предоставления дипломатической защиты.

По этой причине стоит отметить, что институт дипломатической защиты относительно молодой институт международного права. Для Российской Федерации подобный механизм защиты прав и свобод российских граждан за рубежом за последнее время стал одним из первых и наиболее эффективных. [9]

В настоящее время в мире со стороны некоторых государств наблюдается пренебрежение своими международно-правовыми обязательствами в отношении граждан не дружественных им государств. В частности, в действиях США и ряда западных стран часто можно наблюдать вероломное нарушение норм международного права и двусторонних обязательств в отношении Российской Федерации, её граждан, юридических лиц и официальных представителей. Многочисленные акты нападения на помещения зарубежных представительств, на сотрудников этих органов, заморозка активов государственных и частных компаний, имеющих причастность к России, а также нарушение прав и интересов отдельных граждан являются ярким тому доказательством.

За последние 15 лет количество дел, в которых были незаконно задержаны российские граждане, стало беспрецедентно высоким. Дело пилота Константина Ярошенко является показательным с точки зрения нарушения Соединенными Штатами международного права, а также попыткой продемонстрировать лидирующее положение в мировом сообществе.

Обстоятельства дела: Константин Ярошенко является совладельцем ЗАО «РостАвиа». 18 мая 2010 года прибыл в Либерию на переговоры по обсуждению нового контракта. 28 мая Ярошенко был задержан по подозрению в транспортировке крупной партии наркотических веществ. Через два дня после задержания Ярошенко был передан американским властям управлению по борьбе с распространением наркотиков. Основанием для передачи Ярошенко

